Құжатқа қол қойылған: Текетаев М. Н., 22.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Есдаулетов А. К., 22.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 22.04.2024Құжатқа қол қойылған: Есдаулетов А. К., 22.04.2024

Қ А У Л Ы

18 сәуір 2024 жыл №4399-24-00-2а/304 Қызылорда қаласы

Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында:

төрағалық етуші М.Н.Текетаев,

судьялар А.К.Есдаулетов, М.Ж.Еркінбеков болып,

прокурор Б.Б.Сатбаев, талап қоюшының өкілі Н.Д.Махамбетовтың, жауапкердің өкілі А.Б.Ділдабековтың аралас режимде қатысуларымен,

ашық сот отырысында Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылдың 12 ақпанындағы шешіміне талап қоюшының апелляциялық шағымымен түскен,

талап қоюшы «Жосалы кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (әрі қарай-талап қоюшы) жауапкер «Универсал Сервис МН» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (әрі қарай-жауапкер), даудың нысанасына дербес талап мәлімдемейтін талап қоюшы жағындағы үшінші тұлға «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорынан, даудың ныасанасына дербес талап мәлімдемейтін жауапкер жағындағы үшінші тұлға «Etalon ortaligy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды, шарт бойынша шарттық міндеттемелерін орындауды міндеттеу, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюлары негізіндегі электрондық форматтағы азаматтық ісін қарап,

А Н Ы Қ Т А Ғ А Н Ы:

Талап қоюшы аталған талап қоюларымен сотқа жүгінген.

Шағымдалып отырған шешіммен қойылған талап ішінара қанағаттандырылған.

Жауапкер «Универсал Сервис МН» ЖШС-не 2023 жылдың 29 маусымдағы № 176 Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптары бойынша жұмыстарды толығымен орындап, жұмыстарды пайдалануға тапсыру міндеттелген.

Жауапкер «Универсал Сервис МН» ЖШС-нен мемлекет пайдасына 39 841 теңге тұрақсыздық айыбы, 2 920 теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілген.

Құжатқа қол қойылған: Текетаев М. Н., 22.04.2024

Құжатқа қол қойылған: Ердаулетов А. К., 22.04.2024

Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 22.04.2024Құжатқа қол қойылған: Ердаулетов А. К., 22.04.2024

Талап қоюдың жауапкер «Универсал Сервис МН» ЖШС-ін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылған.

Талап қоюшы тарап апелляциялық шағымында бірінші саты сотының шешімімен ішінара келіспей, жауапкердің шарт бойынша міндеттерін орындауды кешіктіргендігін көрсетіп, шешімді өзгертіп, талаптың жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы бөлігін қанағаттандыру жөнінде шешім қабылдауды сұраған.

Апелляциялық саты соты іске қатысушылардың пікірлерін тыңдап, іс бойынша жинақталған дәлелдемелерді зерттеп, апелляциялық шағымның уәждерін талқылап, төмендегідей тұжырымға келді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 427-бабының 1-бөлігінің 3) тармақшасында, апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге шешімде баяндалған бірінші сатыдағы сот түйіндерінің істің мән-жайларына сәйкес келмеуі негіз болып табылатындығы бекітілген.

Бірінші саты сотымен іс бойынша даулы болып отырған сот шешімін қабылдау барысында осындай бұзушылықтарға жол берілген.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылдың 4 желтоқсандағы заңының 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартта көрсетілген міндеттемесін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай-АК) 349-бабының 1-бөлігінің талабына сай, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-нің 359-бабының 1-тармағына сәйкес борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді.

Құжатқа қол қойылған: Текетаев М. Н., 22.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Ердаулетов А. К., 22.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 22.04.2024Құжатқа қол қойылған: Ердаулетов А. К., 22.04.2024

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылдың 21 сәуіріндегі № 4 нормативтік қаулысының 8-тармағында, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет екендігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Автомобиль жолдары туралы» 2011 жылдың 17 шілдесіндегі заңының 13-бабының 5-1 тармағының талабына сай, облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) және аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) өкілді органдардың автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы құзыретіне облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығының жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуін ұйымдастыруды жүзеге асыру жатқызылған.

Яғни аталған заң нормасына сәйкес, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу кезінде «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК-мен жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізілуі бекітілген.

АК-нің 293-бабының талабына сай, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Анықталғаны, 2023 жылдың 29 маусымында талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Орындаушы) арасында Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы № 176 шарты (әрі қарай-Шарт) жасалынған.

Құжатқа қол қойылған: Текетаев М. Н., 22.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Ердаулетов А. К., 22.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 22.04.2024Құжатқа қол қойылған: Ердаулетов А. К., 22.04.2024

Шарттың 2.1, 3.1 тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 16 912 000 теңгеге Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кентіндегі Тырнақбаев көшесінің автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстарын 2023 жылдың 25 қазанына дейін орындауға міндеттенген.

Шарт қазынашылық органында 2023 жылдың 14 қыркүйегінде тіркелген.

Өз кезегінде талап қоюшы 16 326 102 теңгенің атқарылған жұмысын қабылдап, төлемдер жасаған. Ал 585 898 теңгенің жұмыстары толық орындалып, талап қоюшыға орындалған жұмыстардың актісі ұсынылған. Аталған актіге техникалық қадағалаушы қол қойып, келісімін берген. Алайда «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК-нің жолдың сапасына қатысты қортындысын ұсынбауына байланысты талап қоюшы тарапынан жұмыстар қабылданбаған.

Бірінші саты соты даулы болып отырған шешімді қабылдау барысында, АПК-нің 6-бабының 5-бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, қазіргі уақытта Шарт бойынша жауапкер тарапынан міндеттемелерінің толық орындалғанын, жұмыстар бойынша сынамалар алынып, қабылдау сатысында тұрғанын, талап қоюшы үшін келіп тұрған жағымсыз салдардың жоқтығын ескеріп, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған талабы қанағатандырылудан бас тартылуға жатады деп тұжырымға келген.

Апелляциялық сот алқасы зерттелген дәлелдемелер жиынтығын негізге ала отырып бірінші саты сотының талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танауды сұраған талап қоюы қанағаттандырылудан бас тартылуға жатады деген тұжырымын негізсіз деп санайды.

Іс бойынша анықталған мән-жайларға қарағанда, «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК-нің Қызылорда облысы бойынша филиалының 2023 жылдың 28 қарашасындағы № 17-1/889 хатына сәйкес, даулы болып отырған жолдың сапасына қатысты теріс қортынды берілген. Яғни тексеріс қортындысына қарағанда жолдың тығыздығы бекітілген сапа көрсеткішіне сәйкес келмейді.

Құжатқа қол қойылған: Текетаев М. Н., 22.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Ердаулетов А. К., 22.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 22.04.2024Құжатқа қол қойылған: Ердаулетов А. К., 22.04.2024

Сонымен қатар іс бойынша зерттелген дәлелдемелерге қарағанда аталған жолға жүргізілген орташа жөндеу жұмыстары тиісті түрде, толық аяқталмай, жолдың 27 шаршы метріне (ұзындығы 9 метр, ені 3 метр) асфальт жамылғысы қолмен жайылып, тиісті түрде техикамен нығыздау жұмыстары жүргізілмеген.

Және де бүгінгі күнге дейін жауапкер тарапынан жолға жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында жіберілген олқылықтарды түзетіп, жолды талапқа сәйкес келтіруге бағытталған қандайда бір жұмыстарды атқармаған.

Осы орын алған кемшіліктер салдарынан жөндеу жұмыстары жүргізілген жол бұзылып, жарамсыз күйге түсіп, жолды пайдаланушылардың наразылықтарын туғызып, жағымсыз салдарлар туындаған.

Аталған кемшліктердің орын алғандығын сот отырысында жауапкердің өкіліде жоққа шығармаған.

Тиісі заңдылық және Шарт талаптарына сай жауапкер жұмыстарды толығымен орындап, талап қоюшыға тапсыруға міндетті.

Жоғарыда баяндалғандай, іс бірінші саты сотында қаралып жатқан кезде талап қоюшы 16 326 102 теңгенің атқарылған жұмысын қабылдап, төлемдер жасаған. Ал 585 898 теңгенің жұмыстары толық орындалып, талап қоюшыға орындалған жұмыстардың актісі ұсынылған. Аталған актіге техникалық қадағалаушы қол қойып, келісімін берген. Алайда «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК-нің жолдың сапасына қатысты қортындысын ұсынбауына және жөндеу жұмыстарының сапалы түрде толық аяқталмауына байланысты талап қоюшы тарапынан жұмыстар қабылданбаған.

Өз кезегінде бірінші саты соты шешімді қабылдау барысында талап қоюшының жауапкерге Шарт бойынша шарттық міндеттемелерін толығымен орындауды міндеттеу талабы бойынша жұмыстарды толығымен орындап, жұмыстарды пайдалануға тапсыруды міндеттеу туралы талап қою қанағаттандыруға жатады деген қортындыға келген.

Апелляциялық сот алқасы бірінші саты сотының аталған тұжырымымен толықтай келіседі. Жауапкер тарап тиісті заңдылық талабына

Құжатқа қол қойылған: Тәкетаев М. Н., 22.04.2024

сәйкес Шарт бойынша міндеттемелерін толық орындап, талап қоюшы тарапқа тапсыруға міндетті.

АК-нің 293-бабының талабына сай, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.3-тармағында жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатындығы көрсетілген.

Талап қоюшы жоғарыда баяндалған заңның және Шарттың аталған талабын негізге ала отырып 2023 жылдың 25 қазаны мен 31 желтоқсаны аралығына 39 841 теңге тұрақсыздық айыбының сомасын дұрыс есептеген.

Бірінші саты сотының сот отырысында жауапкер тараптың өкілі тұрақсыздық айыбын төлеуге келісетінін көрсеткен.

Апелляциялық сот алқасы істің мұндай тұрғысында шешімнің талап қоюшының жауапкерден 39 841 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюын толығымен қанағаттандыруға жатады деген тұжырымымен толықтай келіседі.

Талап қоюшы тарап талап қоюымен сотқа 2023 жылдың 13 қарашасында, яғни заң талаптарында көзделген мерзімге сәйкес уақытында жүгінген.

АК-нің 8-бабының 4-бөлігінің талабына сай, азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер-бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс.

Апелляциялық сот алқасы жоғарыда баяндалған мән-жайларды негізге ала отырып, бірінші саты сотының шешімі өзгертіліп, шешімнің жауапкер «Универсал Сервис МН» ЖШС-ін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған талап қоюын қанағаттандырудан бас тарту бөлігінің күші жойылып, аталған талап қанағаттандырылып, жауапкер «Универсал Сервис МН» ЖШС-ін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы жаңа шешім қабылданып, шешімнің қалған

Құжатқа қол қойылған: Ердаулетов А. К., 22.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 22.04.2024
4399-24-3-2/304

Құжатқа қол қойылған: Текетаев М. Н., 22.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Есдаулетов А. К., 22.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 22.04.2024

бөлігі өзгеріссіз қалдырылып, талап қоюшының апелляциялық шағымы қанағаттандырылуға жатады деген қортындыға келді.

АПК-тің 424-бабының 1-бөлігінің 2) тармақшасын, 426, 431, 434 баптарын басшылыққа алып, апелляциялық сот алқасы

Қ А У Л Ы ЕТТІ:

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылдың 12 ақпанындағы шешімі өзгертілсін.

Шешімнің жауапкер «Универсал Сервис МН» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған талап қоюын қанағаттандырудан бас тарту бөлігінің күші жойылып, аталған талап қанағаттандырылып, жауапкер «Универсал Сервис МН» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы жаңа шешім шығарылсын.

Шешімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылсын.

Талап қоюшының апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар мен олардың өкілдері, прокурор Қазақстан Республикасы АПК-нің 434-436, 440, 441-баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат, прокурор наразылық беруге құқылы.

Төрағалық етуші Текетаев М.Н.
Судьялар Есдаулетов А.К.
Еркінбеков

М.Ж.

Құжатқа қол қойылған: Текетаев М. Н., 22.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Есдаулетов А. К., 22.04.2024
Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 22.04.2024Құжатқа қол қойылған: Есдаулетов А. К., 22.04.2024

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911

4399-24-3-2/304